



Жас

Алаш

Кыннан суырғандай табан астынан шыққан семсер сөз – астарлы әзіл, уытты қалжың кез келген жанды өлең еткізеді. Ұтқыр уәж, өткір де ұшқыр ой ұшқындарының өмірі ұзақ. Бейнелі орамдардың иненің жасуындай ғана дән-түйірі әрдайым мірдің оғындай әсер етсе керек.

Аттарынан-ақ білесің

Өйгілі сазгер Нұрғиса Тілендиев бір өнер көшінің үзілісінде ражайып дарынымен көрермендерін қуанытып келе жатқан Нұржамал Үсенбаеваны алғаш рет кездестірді. Өзін жыға танымағанын сезген жас өңші:

– Аға, мен – Нұржамалмын ғой, – дейді биязы үнімен.
– Шырамытып тұрмын, айналайын. Қысылма қарағым. Бесе, нағыз таланттарды аттарынан-ақ білесің, – деп күлімсіреген ол сөзін әзілдей одан өрі жалғастырыпты. – Мәселен, менің есімім де Нұр-дан басталады емес пе?! Сонымен бірге күміс көмей өңші Нұрғали Нұсіпжанов, сахна саңлағы Нұрмұхан Жантурин, бұынсыз биші Нұрсұлу Тапалова, өнердің жас перілері Нұржанат Жақыпбаев пен Нұрлан Өнербаевтарды білмейтін жан жоқ.

Қыз бен тұз

Бірде Астанада Ақпарат министрлігінің екінші қабатында тықылдапты жоғары көтеріліп келе жатқан жазушы-драматург Қалтай Мұхамеджановты жолықтырған баспагер Тұрлығазы Дуанбеков еліпідей сөлем береді:

– Ассалаумағалейкум, Қалтай аға! Өзіңізді көп болды көрмегелі, сағындық қой. Мынауыңыз не, сізге жараспайды екен, – дейді қолындағы тағын мезеп.

Сонда Қалаған желді өлетінше жымыпты: – Аманбысың, жолбарысым?! Бір кезде қыз құшақтаған тіземізді, бұл күнде тұз құшақтаған біздің жағдайымыз осы көріп тұрғанындай, – депті.

Жебірлердің жемсауы

Халқының сүйіктісіне айналған белгілі драматург-жазушы Қалтай Мұхамеджанов октын-октын ел ішіне шығып, жұртпен жүздесуді тамаша дәстүрге айналдырған. Ауыл-ауылды араламаса көңілі алаңдап тұратын қаламгердің темірқазық қағидасы: “Көпшілік ортасында болу – бой сергіту ғана емес, ой сергіту үшін де аса қажет-ақ...”

Сөті түсіп осындай сапарда Қалағанды қаумалай қоршап алған үлкен-кіші әрқилы тақырыпта өңгіме ербітіп мөре-сөре боп қалады. Әрине қазіргі қиыншылықтар мен қоғамымызда ұшырасып жатар келеңсіздіктер де айтылса керек. Көмейлеріне кептелген сансыз сауалдар тиегі ағытылады. Өзден ішқұса болған бір тұрғыласты ашуға бұлққан күйі:

– Күлбілтелемей түсіндірші бізге. Жоғары жақта жүрсің ғой. Мына сыбайлас жемқорлықтың түбегейлі тұсауланатын түрі бар ма, өзі? – деп сұрайды.

Сонда аз-кем бөгелген ол ойын былайша жеткізіпті:

– Дұ-р-ыс-с... Менің де жанымды жегілей жейтін жулынқұрт – осы жемқорлық. Өздеріңіз жақсы білесіздер, сонау бір кездері Вәленбайдың тауығының жемсауынан түйме, тиын, түйреуіш шығыпты дегенде екі көзіміз атыздай болып таңырқаушы едік. Ал, енді міне, бүгінгі күн жебірлерінің жемсауынан зауыт, фабрика, джип, жиналғылар, таспа, тіпті маса шаққан құрлы елемейтіміз өкінішті. Заман бұзылды ма, жоқ өлде адамдардың пиғылы бұзылды ма, кім білген?!

Жаушының зілді жауабының салмағы да зілмауыр еді.

Қызметке тағайындау

О, тоба! “Жүре берсең - көре бересің” демекші, кезінде “СҚ-да” небір жаға ұстарлық келеңсіздіктер ұшырасқан екен-ау. Сондай сорақы суреттердің бірі: таң алақабеден қабылдау бөлмесінде таласа-тармаса кезекке тұрып арнаулы журналға “Мен пәленше жұмысқа сағат пәленде келдім” деп қол қойып, кешкі шам жамыраған шақта қайтадан үдере қозғалып өлгі журналға “Мен пәленше жұмыстан сағат пәленде қайттым” деп бас бармағыңды басасың. Ой елегінен сүзсең бұл нағыз “шаш ал десе, бас алғанның” өзі екен ғой.

Өйтпесе, журналист үшін, жалпы шығармашылық ұжым үшін мүлдем қажеті жоқ шара, баянсыз бастама. Бірақ ауыз аша алмасың анық. Күбірлесен болды күліңді көкке ұшырады. Өйткені, Генсек Андроповтың өзі көліктерді тоқтатып, дүкендерді жаптырып ішіндегі адамдардың қайдан келіп, қайдан жүргенін жаппай тексертіп жатыр емес пе?! Біраз уақыт көптен бірге күңкілдеп күн кешуге тура келді. Күнді батыра алмаған жігіттер бөлме-бөлмені сығалап, ұзын дөлізге сыймай сендей соғылысып жүргені. Қолына қалам ұстап, ақ қағазға тесілген бойда жазу шіркіннің сүтше сорғалап құйыла жөнелмейтін аян. Белгілі мөлшерде бап керек, шабыт пен үйреншікті дағды қажет. Құлтемірдің өзі алдын-ала жасалып қойылған бағдарламасыз тапсырманы ойдағыдай орындамайтыны да мәлім.

Уақыт өткізе алмағандар амалсыздан қысыр өңгіменің тиегін ағыздады-ай. Кешкі алтыны күткен олар негізінен секретариаттың аядай бөлмесінде бас қосады. Бұл кабинет кішкентай болғанымен алуан түрлі оқиғаларды дүниеге әкеліп жатар үлкен ұя іспетті. Өйткені, мұнда өлемнің түкпір-түкпірінен жаналықтарды дамылсыз жеткізіп тұрған телетайп бар. Ішектей созылған телетайп лентасына жігіттер жарыса үніледі.

“Дүниеде не болып жатыр, осы?.. Кімдер келіп, кімдер кетуде?.. Жаңа тағайындаулар туралы Жарлық түспеді ме?..”

Өдеттегідей өңгіме көрігі қызған бір тұста кадрлар іріктеу төңірегіндегі ойды одан бетер қаузаған жігіттердің бірі қызылжөнірек болған Төжібай Битайға қарсы сауал тастаған.

– Мәселен, өзіңізді ғайыптан бір ауданға бірінші хатшы етіп тағайындаса, басты-басты буындарға кімдерді қояр едіңіз?

Ілкі сөтке үндемей қалған Төкен маңғаздана маңайына көз жүгіртіп алып:


– Әрине, мен де жоғары орындарға өзім білетін, өзім танытын жігіттерді отырғызар едім, – дейді қарлыңқы үнін баптай түсіп. – Идеясы, ең бірінші, үшінші хатшылыққа, яғни идеология секретарлығына өзіміздің партия тұрмысы бөлімінде істейтін Токтасын Беркімбаевты қоямын. Саяси сауатты, өрі орысша-қазақша өте жақсы жазады. Бөрінен бұрын Токан жерлесім, Шымкенттен екенін өздерін де білесіңдер ғой. Ал, ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшы Уахап Қыдырханов болады. Бір аудан түгілі бүкіл Қазақстанның ауылы мен малының жағдайын бес сауағандай біледі емес пе. Бұған ешкім таласпас.

РайОНО-ға білім-ғылым бөлімін басқарып отырған мына Болат Асанбаевты, ал аудандық мәдениет басқармасына “сегіз қырлы, бір сырлы” Ақанды – Ақселу Сейдімбековті бекітетін, – деген Төкен бар ұнта-ықмыласын өзіне аударған өріптестеріне жағалай жанар сүзіп аз-кем бөгеледі.



Жанат ЕЛШІБЕК

“Жас Алаштың” түлегі, белгілі журналист-жазушы Жанат Елшібек оннан астам кітаптың авторы. Қазір қаламгер “Ой үстінде сорғалайды көз жасым...” атты жана туындысын әзірлеуде. Біз бүгін осы кітаптың “Астарлы әзіл, уытты қалжың” тарауына енген алақандай өңгімелер мен бірқапайлар шоғырын ұсынып отырмыз. Әр кездері танымал өнер иелерінің, белгілі ақын-жазушылардың, қырғи тілді шеберлердің реті келген жерде табанда айтқан ойлы жауаптарын өзек еткен мөлтек дүниелер назар аударарлық.



Жас Алаш



– Қарашы, ұмытып барады екенмін. Аудандық милицияға начальниқ етіп, өзімің төл құрдасым Нури Муфтақты апарамын. Ал, аудандық газетті жан досым, курстасым Бекболат Өдетовке беремін. Мұныма еш дауларын жоқ шығар. Өділеті де осы ғой, е...

Өз командасын осылайша іріктеген Төкен де, бір-бір портфельді иеленген жігіттер де мез-мейрам күйі тағы қандай лауазымды орындар бос қалды деседі. Артынша біреуі жерден жеті қоян тауып алғандай:

Айтпақшы, Төке, екінші хатшыңызды ұмытып барасыз, – дейді.

Сол сабыр... Ұмытқаным жоқ. Немене, өзің саясатты білмейсің бе? Екінші хатшы міндетті түрде орыс болады. Ал, оны ЦК тағайындайды. демек Мәскеу жібереді, – депті сабырлы қалпын өзгертпеген Төкен.

Цитаталар кітабы

Елу-алпыс кітаптың авторы, өйгілі қаламгер Қалыр Мырзалиев үшін “Ана тілі” баспасынан жарық көрген “Үкілі үзінділер” жинағының шоқтығы бөлекше биік. Мұнда ақынның бүкіл ғұмырының бейнесі іспетті жүрек-домнасынан өзден сүзіліп, шындылай шыққан өлеңдерінің ең үздік үзінділері, философиялық ой-орамдары, нақылға айналған жыр жолдары топтастырылған. Нәбәрі екі-үш өлең тармағына түйінделіп, түзілген ой ұшқындары кез келген оқырман жүрегіне ұялары даусыз.

Ақынның осынау кітабы хақында өз пікірін білдірген қаламдастарының бірі:

– Қәдеке, кейінгі шыққан цитаталар кітабыңыз бұрынғыларға қарағанда әлсіздеу ме, қалай? – дейді тұмсық астына күбірлей.

Сонда ол кідірместен мырсылдай тіл қатыпты: – О жағын қайдан білейін. Өйтеуір, менің есімдегісі: цитаталары кітап болып жарияланған дүние жүзіндегі екі Ұлы адамның бірі – Мао Цзедун болса, екіншісі мен екенмін.

Қайрақ

Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі Шолпан Байғабалқызы өнердегі өз орнын табиғат берген дарынының арқасында ойып алған тектінің тұяғы. Дала сахнасының сардары саналған Байғабалқызы өзі де асылдың сынығындай сезілер небір жаһуттай жарқыраған халқымыздың өн маржандарын қазақ топырағынан аршып, алтын қорымызға қосып кеткені белгілі. Бұл күнде туған жерінде Кереку театрында еңбек етіп жүрген Шолпан кезінде Торғай музыкалық драма театрында, М.Өзезов атындағы академиялық драма театрында, “Тамаша” сахнасында өнер көрсетті. Таланты сан қырлы өнерпаздың табанда көмейіне жетіп келген пікірін ішке ірікпей әрі мүлөймсімей бетін бар, жүзін бар демей айтып салатын қасиеті де бар. Оның аузынан шыққан мұрда оғындай жебе-сөздерді өріптестері әрдайым әзілдей өңгімелеп отырады. Соның бірі төмендегідей көрініс.

Мәскеудегі Шепкин атындағы өнер ордасынан түлеп ұшқан бір топ жас Торғай музыкалық драма театрын құрып, құлшына тер төге бастайды. Пендешілік дегенді қойсаңшы. Қазақ іштарлық қай кезде де тек “пыш-пыштың” қоламтасын үрлеп, одан бетер қоздыраған ғой. Өуелден-ақ суырылып дара көзге түскен Шолпанды аяғынан шалушылар сыртынан қилы-қилы ғайбат сөздер ербітіп, бір күні ойламаған жерден “жоспарсыз жиналыс” ұйымдастырып, алдын-ала бірінші аузына бірі түкіріп қойғандай сахналас өріптестері тілге тиек етер ой-пікірлерін ортаға салғанның орнына, бөстеки бықық өңгімеден аса алмайды. Бөрінің артындай шулағандар езеуреп барып, сабасына түскен мезетте театрдың көркемдік жетекшісі:

– Иә, Шолпан, мына құрбыларыңа не айтасың? Қандай ойың бар? – дейді.

Жөн-жосықсыз өзін өте ынғайсыз күйге түсірген төңірегіндегілерге жанарын тіктеген қалпы Шолпан:

– Не айтушы едім. Мына отырғандардың бөрі менің дұшпандарым. Демек, дұшпан – қайрақ, мен – пышақпын. Ал, пышақты қайраққа жаныған сайын қылпылдап өткірлене түсетінін өздерің де жақсы білесіңдер. Ендеше, абайлаңдар! Менің мұнан басқа айтарым жоқ. Сау болыңдар, – деп алды-артына қарамай шығып кетеді.

“Фараби бабамызға да дауыс бермес”

Депутаттықтан үміттенген ақын Көпен Өмірбеков екі мәрте Парламент сайлауына қатысып, бақ сынағысы келеді. Бірақ екеуінде де жолы болмайды. Алғашында жерлестері мен ауыл ақсақалдары: “Дулат Исабеков те өз ағам емес пе, жаға жыртысып қайтесің. Өрі бабамызды беріп қойып едік. Келесі кезек сенікі” деседі жапақармағай.

Сөйтп, бөсекеге түспей тауы шағылған Көпен депутаттан дәмелілер додасына төуекел етіп қосылады. Өзі туып-өскен Отырар өңірінен тіркелген ол ру-руға, ауыл-ауылға, көше-көшеге бөлінгендердің ерескел іс-әрекеттерін көзімен көргенде шылдамай:

– Менікі бос өүрешілік екен. Егер тіріліп келсе, Фараби бабамызға да дауыс бермес мына желіккен жұртты, – дейді ашы қынжылыспен.

Тойған күшік

Баспасөзге қатысы жоқ былайғы жұрттың газеттер мен журналдарын қалай өзірленіп, қалай шығатыны жайында соншалықты бас қатыра қоймайтыны белгілі. Бірі үйге келген газеттердің жана нөмірлерін аударып-төңкеріп: “Е... е... ананы жазыпты”, “Е... е... мынаны жазыпты” деп жанар жүгірте шолған бойда сырғыта салса, енді біреулері асықпай жата-жастана үтір-нүктесін қалдырмай сүзіп оқиды. Сондай-ақ, газетте басылған түрлі фотолар мен штрих-суреттерге ерекше көңіл аударып, мөн беретіндер де бар.

Қалай десек те мұның бөрі сыртытай қарағандағы жалпы көрініс. Ал, газеттің ішкі “кухнясына” тереңірек үнілген әркім-ақ көп жайға қанық болары сөзсіз. Газет те өзіңше бір шаруашылық, өзіңше бір кәсіпорын. Мұнда да жақсы мағынасындағы бөсеке, тартыс, айғай-шу тынымсыз жүріп жатады. Өзара жарысқа түскен олар қашанда желелік пен ұшқырлық танытуға, өткір де көкейкесті материалдарды көбірек жариялауға ұмтылады. “Оқырман не айтады?.. Қатың көпшілік не дейді?” Күнделікті жоспарлық сөзінде, лездемелерде ұдайы назарда ұсталатын жөйт. Өйткені, оқырман ойынан артық құбыланама жоқ.

Өлеттегідей зекетті лездеме үстінде Атырәу өмірінен іссапардан оралған бөлім меңгерушісі Самат Ибраһимов:

– Біздің “Халық кеңесіне” елдің ынты-қыласы көңіл маржайтатындай. Билтырғы жылы қарағанда атыраудың оқырмандарымыздың саны да әжептәуір өсетін секілді.

Халықтың көкейінде жүрген тіл туралы, полигон хақындағы, жер жайындағы проблемалық мақалалар көп үдесінен шыққандай. Сонымен бірге өзін болған аудандардағы газет жанышарлары Айдарбектің салған суреттерін айрықша мақтауда. Өсіресе, оның өткір қарикатуралары мен өзілдері жөнінде ой-пікірлерін нақтылап шегелеп айтты. Тіпті, кейбір кездесулерде «суретші Айдарбек Ғазизұлы сіздерде “Халық кеңесі” газетінде ме, жоқ Өлде “Егеменді Қазақстанда” істей ме?» деп сұрап жатыр...

Осы кезде Саматтың сөзін бөлген өріптестерінің бірі:

– Соңғы кезде Айдарбектің екі-үш штрихы “Егеменге” шықты ғой. Соны айтатын шығар, – деді шыдамсыз күй байқатып.

– Иә, – деп өңгімесін сабақтаған Самат, – Ол өткір де тәуір суреттерін басқа газетке неге береді? Мұнысы дұрыс емес. “Егеменді Қазақстанның” Наурыз күнгі бірінші бетін көтеріп тұрған баян Айдарбектің штрих суреттері.

Лездемені жүргізіп отырған бас редактор, төжірбелі журналист, бір кезде өзі де “Егеменнің” шекепінен шыққан Сарбас Ақтаев үстелді баян тағылдытып:

– Жігіттер, жарайды түсінікті. Осы отырған бөрің де ауылды жақсы білесіңдер. Кейбір күшіктер болушы еді ғой, өз үйлерінен тамаққа өблен тойып алғаннан соң, көрші үйдің ауласының көлеңкесіне барып жатып алып өз үйіне қарап өлсін-өлсін шөуілдеп үрегің. Біздің Айдарбек те құлды сол тойып алған күшіктей ме, қалай өзі? – дейді.

“Тірідей архивке кетіпті...”

Аты-жөні бүкіл республикаға жақсы қанық белгілі фотожурналист Сайлау Пернебайұлы жаны жомарт, көңілі таза ақкөйлек жан. Бірақ... тілінің бізі бар оны көп жұрт терең түсінбейді. Үлкен-кіші демей, еркек-өйлек демей, бастық-бақа демей ыржалақтаран күйі өз ойын айта салатын оның өр сөзі қыннан суырған қылшытай. Кез келген облысқа, кез келген ауданға барсаңыз да Сайлаудың сайқымазақтарын естіріңіз анық. Сайлау “СҚ-да” ұзақ жыл фототілші қызметін атқарады.

Лездеме сайын төбесін көкке тигізбей мақтағаны “өз ісіңіз хас шебері” аяқ астынан бас редактор Сапар Байжановқа жақпай қалады. “Отырса – опақ, тұрса – сопақ”. Араларынан қандай қара мысықтың өткенін кім білген? “Мүйіздеуге” шылдамаған Сайлау өріксіз жылы орнын тастап “Қазақ өлебітегі” газетіне ауысуға мәжбүр болады. Артынша ұзамай бас редакторлықтан босаған Сапекен Қазақстан Үкіметінің жанындағы республикалық архивке төраға боп тағайындалады. Тура сол күні редакцияға бас сұққан Сайлау жаналықты естіп:

– Е... е... бастықтарың тірідей архивке кеткен екен ғой, – депті.

Қазақ пен қалпақ

Өдеттегі лездеме. Күн шығады, күн баталы деген іспетті. Нөмірдің кезекшісі сағыздай соза ыңыранып газетте жарияланған материалдарды – хабар-ошары бар, кесек дүниесі бар, ең ақыры жарнамаларға шейін тұмсығынан тізіп “өгіз өлмес, арба сынбас” етіп мақтап шығады. Қай тақырыпты болсын табандап, шегелеп жазатын журналист Сейфолла Шайынғазыұлының жоғары лауазымды адамдар төңірегіндегі жершілдікті, тамыр-таныстықты, рушылдықты өткір мінеген “Жол-жөнекей жөн сұрау немесе жікшілдікке қарсы жікшіл көзқарас” деп аталатын сын мақаласы қалың қосақтың ішінде елеусіздей аталған-ды. Осынау бірсарындылықтың сеіні секкісі келді ме бас редактор Ержұман Смайыл бүкіл отырғандардың назарын аудар:

– Жалпы бүгінде жікшілдік, жершілдік пен рушылдық деген бар ма, өзі? Жоқ, өлде қазаққа ғана тән лаурықпа ма? Сейфолланың мына мақаласына қалай қарайсыңдар? Көбін үндемедіндер ғой, – деп ой тастаған газетті сапырып-сапырып.

Бастықтың сөзі қамшы болды ма екен, өншейінде оңсыз да өділетсіздік пен келеңсіздікке қарсы шыр-пыр күйіп, қай кезде де өз пікірін кесіп айтатын қаламгер Сүлеймен Мәмет:

– Мен сөйлейінші, – деп орнынан ұшып түрегілді. – Тура қазір жоғарыдағы шенеуніктер арасында жершілдік пен жікшілдік, тамыр-таныстық пен рушылдықтың нағыз жанып тұрған шағы. “Сыбырлағанды құдай естімей ме?” дегендей несіне бүгежектейміз.

Мәселен, сот-құқық жүйесінде қызмет істейтіндер арасында талдықорғандықтар мен алматылықтар, қаржы төңірегінде қарағандылықтар, мұнай манында манғыстаулықтар мен атыраулықтар көп. Осылайша тізе берсең өр саланың “өз аймағын” оп-онай тауып алуға болар еді. “Балық басынан шіріді” демекші, билік тізгініне қолы жеткен шенеуніктеріңіз жанына ең алдымен өзінің туған-туыстарың, тамыр-таныстарың, жекжат-жұрағаттарың жинайтыны жасырын емес. Осыдан барып рушылдық бел алып бара жатыр ма деп қорқамын. “Таяқ лақтырған академикке тиеді” деп Шерағаң айтқандай кез келген мекеменің есігін апсансыз жершілдік желінің есіп тұрғанын сезесіз-ау...

– Қатты кеттіңіз ғой, – деді осы мезет өріптесі Әділ Дүйсенбек өзіге шаптырып.

– Дұрыс. Сүлкен өте орынды айтлады. – Өз пікірін білдірген құқық тақырыбына жазатын Шарафаддин Өмір өңгіме өзегін одан өрі өрбітті. – Шынын айту керек. Жікшілдік те, жершілдік те бар. Алысқа бармай-ақ өзім куә боп жүрген жайды айтсам да жетіп жатыр. Мына Шамалғанда, Алматының іргесінде біздерді, Қарақалпақстаннан көшіп келгендерді өлі күнге шейін “Қалпақ” деп атайды. Ұсақ-түйек мәселенің өзін де, ең ақыры бір жапырақ анықтама қағаз алу үшін өркімге жалтақтап жүргенді. Өгейсіту, өзегінен итеру байқалады. Жершілдік пен менмендіктің буы емей немене. Керек десеніз – қорлау.

Ашу-ызаға бұлққан Сүлеймен тағы да ұшып түрегілді:

– Иә, өзіміз де сорлы қазақпыз ғой. Өйтпесе, бірімізді біріміз көзге шұқып қалпақ, қытай, мұңғұл деп жебірлемес едік!

– Рас, бұл өзгеше бір ашы өңгіме. Осыны жазайықшы ендеше, – деді лездемені қысқа ғана түйіндеген Ерекен.

Қазақ пен қалпақ. Ілкі сөттік тыныштық бірмізді де тұмсық ойға батырған...